


A decorative border with a repeating floral motif in black ink frames the entire page.

Қ.Тұрсынқұлов атындағы

мектеп-гимназиясы

Химия-биология бірлестігінің

2024-2025 оқу жылындағы

жылдық есебі

Бірлестік жетекшісі: Дүйсебекова С

**«Қ Тұрсынқұлов атындағы » мектеп-гимназиясының
химия-биология пәндері әдісбірлестігінің 2024-2025 оқу жылы
барысында атқарған жұмыстар жайлы мәлімет.**

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі-білімді ұрпақ.Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды.Мұғалім мамандық өндірісіндегі қарқынды өзгерістерді бақылап, зерттеп қана қоймай, жаңа технологияларды меңгеруі тиіс.Қазіргі заманда сындарлы оқыту теориясына сай бала білім алып қана қоймай, алған білімін әр қашанда керегіне жарата алатындай азамат етіп қалыптастыру, ұстаз қауымы алдындағы басты міндет болып отыр. Тек қана ішкі мотивациясы жоғары, сын тұрғыдағы тұлға ғана, өздігінен жоғары дәрежедегі маман қатарына жетуі мүмкін. Сонымен қатар білім мазмұнын жаңартуға арналған бағдарламаға сәйкес критериалды бағалау жүйесінің енгізілуі де заман талабы. Бұрын біз балаларға тек қана білім беріп келсек,енді функционалды сауаттылыққа баса мән береміз,яғни оқушылар мектепте алған білімін өмірде қолдана алуы.Осы жетістікке жету үшін алдымызға бір мақсат қоя отырып сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ.

Химия-биология әдісбірлестіктің тақырыбы «Критериалды бағалау жүйесін қолдана отырып,ақпарат әлеміне нық басқан сауатты оқушыны тәрбиелеу»

Мақсаты: Оқыту сапасын жақсарту мақсатында критериалды бағалаудың түрлерімен танысып,оқытудың тиімділігін және оқу сапасын арттыруға болатынын түсінеді. Яғни критериалды бағалау оқыту, тәрбиелеу, дамыту,ынталандыру төрттігін басшылыққа алады.

Химия-биология әдісбірлестігінде 10 мұғалім қызмет атқарады, олардың барлығы жоғары білімді. Әдістемелік бірлестікте жоғары санатты-3,І санатты -1,ІІ санатты -2,санаты жоқ-3,соның ішінде 6 мұғалім педагог- зерттеуші, 1 мұғалім педагог- сарапшы, ал 1 мұғалім педагог-модератор болып жұмыс атқарады.

2024 -2025 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.Жыл басында бірлестік мүшелері жыл бойы әдісбірлестіктің атқарылатын жұмыстарымен таныстырылды Әр сынып мұғалімдері тағайындалып ,сағат сандары белгіленді Жаңа оқу жылының мақсат міндеттері айқындалып жұмыс жоспары құрылды Бірлестік отырысында нұсқау хатпен таныстырылып,күнтізбелік жоспар бекітілді Аттестаттаудан өтетін

мұғалімдерге құжаттарын жинақтап ,дайындық жұмыстарын жүргізу ескерілді . Сынып мұғалімдеріне бекітілген кабинеттерінің жұмыс жоспары тексерілді . Жыл бойына сынып мұғалімдеріне екі ашық сабақтар және сыныптан тыс сабақтар өткізу бекітілді . Жыл сайын өтетін пән олимпиадаларының тапсырмаларын талдай отырып ,нәтижеге жету үшін дайындық жұмыстары келесі бағыттар бойынша жүргіземіз .Логикалық ойлау ,ақпаратпен өздігінен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту,психологиялық жағдай туғызу . 2024 жылы биология пәнінен 7 сынып оқушысы Хусанов Бексұлтан 2 орын,9 сынып оқушысы Абдыжалип Айдана 3 орын,11 сынып оқушысы Байбосын Арайлым 3 орын алды. Тоқсандық білім сапалары анықталып мониторингі жасалынды .4 тоқсан бойынша биология пәнінен 7 сынып бойынша оқушы саны 114 орта балл 4 білім сапасы 82.9 .8 сынып бойынша оқушы саны 105 орта балл 3,87 білім сапасы 72.68 . 9 сынып бойынша оқушы саны 114 орта балл 3,83 білім сапасы 68 .11 сынып бойынша оқушы саны 89 орта балл 4.2 білім сапасы 86 болды .4 тоқсан бойынша химия пәнінен оқушы саны 114 орта балл 4.02 білім сапасы 82.22. 8 сынып бойынша оқушы саны 105 орта балл 3,72 білім сапасы 55,14. 9сынып бойынша оқушы саны 114 орта балл 3,68 білім сапасы 59,63,10 сынып бойынша оқушы саны 67 орта балл 3,56 білім сапасы 52. 11 сынып бойынша оқушы саны 61 орта балл 3,71 білім сапасы 61,91 құрады. Жылдық бойынша биология пәнінен 7 сынып бойынша оқушы саны 114 орта балл 4 білім сапасы 86. 8 сынып бойынша оқушы саны 105 орта балл 3,95 білім сапасы 75,48. 9 сынып бойынша оқушы саны 114 орта балл 3,8 білім сапасы 76,88. 11 сынып бойынша оқушы саны 89 орта балл 3,9 білім сапасы 78.Жылдық бойынша химия пәнінен .7сынып бойынша оқушы саны 114 орта балл 4 білім сапасы 82,22. 8 сынып бойынша оқушы саны 105 орта балл 3,75 білім сапасы 59,86. 9 сынып бойынша оқушы саны 114 орта балл 3,71 білім сапасы 61,41. 10 сынып бойынша оқушы саны 67 орта балл 3,71 білім сапасы 61,91. 11 сынып бойынша оқушы саны 66 орта балл 3,81 білім сапасы 72,62 құрады.Жыл бойы әр тоқсанда биология мен химия пәндерінен төмен нәтиже көрсеткен сыныптарда Lesson study жүргізіліп отырды .

Оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан -жақты қолданып ,жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып ,жүйелі түрде қолдану заман талабы болып отыр.Ендеше біздер ұстаздар қауымы ,заман ағымынан қалмай білім алушылардың бойына білім білік дағдыларын сіңіруіміз керек.Болашақ ұрпақты бәсекеге қабілетті ,білімді алғыр ,еліміздің нағыз ұлтжанды азаматтары мен азаматшаларын тәрбиелеуде бұл пәндердің алатын орны зор.

